

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау және Гуманитарлық ғылымдар
бағыттары бойынша АҚ семинарының
№ 4 хаттамасы

Түркістан қаласы

27.12.2023 ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы - PhD доцент Қ.Базарбаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал - PhD М.Салғараев, жұмыс беруші өкілі - АҒЗИ директоры К.Жетібаев, жұмыс беруші өкілі - М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Т.Меңдібаева, білімгерлер өкілі - докторант З.Сенгирбаева, білімгерлер өкілі - Ү.Абдуалиев

Күн тәртібі:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта жобалау

АҚ төрағасы Қ.Базарбаев: Қайырлы күн әріптестер! Академиялық комитет жоспарында қарастырылған бакалавр деңгейіндегі білім беру бағдарламаларына сәйкес 6B01615-Тарих, 6B02231-Тарих және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларға 7M02210-Тарих, 8D01604-Тарих, ішкі аудит ұйымдастыру жұмыстары жоспарланған. Осы мәселеге қатысты жоғарыда аталған ББ бағдарламалары бойынша ішкі аудиттің қорытындысы жайында айтып өтсеңіздер:

АҚ мүшесі, PhD М.Салғараев: Өзіңіз жоғарыда атап өткен 6B01615-Тарих, 6B02231-Тарих және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларға 7M02210-Тарих, 8D01604-Тарих білім беру бағдарламасы бойынша өзіндік бағалау жұмыстары жүргізілді. Ішкі аудиттің нәтижесіндегі мәліметтер арнайы презентация дайындалды. Дайындалған презентацияда білім беру бағдарламасына қатысты мынадай мәліметтер көрсетілді:

ББ сипаттамалары, ББ мақсаты, ББ тұжырымдамасы, маманның лауазымдарының тізімі, кәсіби қызмет саласы, кәсіби қызмет объектісі, Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері (анализ), соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері, Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері, жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері, сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері, білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері, ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі, ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі, ББ инфраструктурамен қамтамасыз етілуі және ең соңында SWOT талдау.

Кафедра меңгерушісі т.ғ.к, доцент Г.Примкулова: 6B01615-Тарих, 6B02231-Тарих және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларға 7M02210-Тарих, 8D01604-Тарих білім беру бағдарламасының ішкі аудитінде түлектердің атрибуттары орын алған. Түлектердің атрибуттары негізінде білім беру бағдарламасының мақсаты жасалған. Білім беру бағдарламасының мақсатына сай оқыту нәтижелері құрастырылып, аталған оқыту нәтижелер пәндермен сәйкестендірілген. 2022-2023 оқу жылы жоғарыда аталған білім беру бағдарламаларды жұмыс берушілердің ұсынысы және отандық және шетелдік ЖОО-дағы ББ мазмұнын талдай отырып жаңартқан болатынбыз. Ағымдағы жылдағы білім беру бағдарламалар келесі оқу жылына қабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз ұсынуымызға болады. Сараптамадан жақсы көрсеткішпен өткен және оқу тәжірибесінде сыналған бағдарлама қазірше толықтыруды қажет етпейді. Ішкі аудит

есебінің соңында рейтинг нәтижелері мен ББ бойынша күшті, әлсіз жақтары, қауіптер мен мүмкіндіктер көрсетілген.

АК төрағасы Қ.Базарбаев: Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағытындағы ББ бойынша ішкі аудиттің қорытындысын тыңдадық. ББ түлектерінен алынған сауалнамалар мен жұмыс берушілердің ұсыныстары білім беру бағдарламаларды жақсарту үшін өте маңызды екенін ұмытпауымыз керек. Өткен оқу жылдағы білім беру бағдарламаларды жаңарту бойынша жасалған жұмыстар оң нәтижесін берді. Осы бағытта білім беру бағдарламасының мазмұнына жұмыс берушілердің ұсынысы, қоғамның қажеттілігі және шетелдік оқу орындардың тәжірибелерін ескеру өте маңызды. Сондықтан жоғарыда атап өткен әріптестедің ұсынысын ескере келе, осы жылы аталған ББ-ға өзгеріс енгізу қажеттілігі жоқ деп санаймын. Сараптамалық тұжырымдар мен сауалнама нәтижесіне сүйене отырып аталған білім беру бағдарламалардың жақсы көрсеткішке ие екенін және халықаралық талаптарға сәйкес екенін айтуға болады.

АК мүшелері бұл ұсынысты бір ауыздан қолдады.

ШЕШІМ:

1. АК құрамының атап өткен өзіндік бағалау есептері мен аудит нәтижелері қанағаттанарлық деп табылсын.

АК төрағасы

Хатшы

Қ.Базарбаев

А.Оспанова